

СЕГОДНЯ БОЛЕЕ 80% НАЗЕМНЫХ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК ИЗ КИТАЯ В ЕВРОПУ ПРОХОДЯТ ЧЕРЕЗ ТЕРРИТОРИЮ КАЗАХСТАНА. ПО ИТОГАМ 2024 ГОДА ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ПО СРЕДНЕМУ КОРИДОРУ ВЫРОС НА 60% И ДОСТИГ 4,5 МИЛЛИОНА ТОНН. К 2030 ГОДУ ПЛАНИРУЕТСЯ УДВОИТЬ ПОКАЗАТЕЛЬ ДО 10 МИЛЛИОНОВ ТОНН, ЧТО ОТКРОЕТ НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ДЛЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ ТОРГОВЛИ И ТРАНЗИТА.

Серик ЖУМАНГАРИН,
вице-премьер-министр национальной экономики РК



№47 (3086)
20/06/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПРЕЗИДЕНТ ОТАНДЫҚ ВАГОН ӨНДІРІСІМЕН ТАНЫСТЫ

Елордадағы бірқатар нысандарды аралаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанадағы жолаушы вагондарын шығаратын зауытта болды. Мемлекет басшысына «Штадлер Қазақстан» ЖШС отандық зауыт конвейерінен шыққан алғашқы вагон таныстырылды.



Даниял ХАМИТ,
Астана

Жаңа вагондардың басты артықшылығы – жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін арттыруды көздейтін заманауи инженерлік шешімдер. Мысалы, әр купеде жеке климат-бақылау жүйесі, ауаны залалсыздандыратын құрылғылар, розеткалар мен USB порттар, жолсерікті шақыру батырмасы және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған тактильді белгілер орнатылған. Қатаң климаттық жағдайға бейімделіп жасалған вагондардың қолданыс мерзімі – 40 жыл.

Вагон жасау саласының дамуы локализация деңгейін арттырып отыр, отандық материалдар мен құрамдас бөлшектерді шығаратын жаңа өндіріс орындары ашылууда.

Биылғы жылдың соңына дейін зауыт купе, плашкарт, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған және дизель-генераторлы вагондарды қосқанда 51 вагон шығаруды көздейді. Ал 2030 жылға



қарай барлығы 557 жаңа вагон пайдалануға беріліп, Ұлттық тасымалдаушының вагондар паркі толығымен жаңартылатын болады.

Президент сонымен қатар, Жұмысшы мамандықтар жылы аясында күні кеше жаңа салалық марапаттарға ие болған үздік қызметкерлермен жүздесті. Мемлекет басшысына сала жұмысын дамытуға бағытталған жұмыстар жөнінде мәлімет берілді. Қазіргі уақытта еліміздегі 125 теміржол вокзалы ауқымды жаңғыртудан өтуде. Қызмет көрсету сапасын арттырып және өңірлер арасындағы көліктік байланысты күшейтуге арналған бірқатар жобалар жүзеге асырылып жатыр. Жолаушылар тасымалына арналған цифрлық экожүйені қалыптастыру мақсатында ҚТЖ отандық IT-компаниялармен тығыз

ынтымақтастық орнатуда. Билет сатып алудан бастап туристік қызметтер ұсынуды қамтитын түрлі сервистер мен функцияларды біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа жасалды. Интеллектуалды технологиялар арқылы цифрлық кассалар мен дауыстық көмекшілер енгізіліп, бұл адам факторының әсерін азайтып, қызмет көрсету сапасын арттыруға жол ашуда.

Пойыздарда спутниктік интернет қолжетімді. Жоғары жылдамдықтағы байланыс барлық бағыттарда кезең-кезеңімен енгізілуде. Қауіпсіздікті арттыру мақсатында пойыз қызметкерлері бейнетіркегіштермен және мобильді терминалдармен жабдықталып, пойыздарға 4000-нан астам бейнебақылау камерасы орнатылған.

Сурет akorda.kz сайтынан

Награждение

ЗА ТЫСЯЧИ СПАСЕННЫХ ПассажиРОВ

Сотрудников АО «Пассажирские перевозки» и машинистов отметили наградами за вклад в обеспечение комфорта и безопасности пассажиров в пути.



Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана

Работники поездных бригад национального перевозчика за последние три года оказали первую медицинскую помощь порядка 1 000 пассажиров. За этот период в поездах родились 15 младенцев. Благодаря специальной подготовке, знаниям и оперативному реагированию мамы и новорожденные малыши, взрослые и дети получили своевременную доврачебную помощь прямо в пути.

За высокий профессионализм, ответственность и вклад в обеспечение безопасности сотрудников пассажирских перевозок отмечены различными знаками отличия и учрежденными «Қазақстан темір жолы» в рамках Года рабочих профессий наградами.

Так, медалью «Ерлігі үшін» награжден проводник поезда Алматы – Ташкент Куатбек Дауылбаев. В апреле этого года он спас жизнь 9-летнему мальчику, которому внезапно стало плохо в пути. Такой же награды удостоены начальник поезда Кикбай Маханов и проводник Алтынай Гафиулина, которые 27 мая в поезде Астана – Жезказган благополучно приняли роды у пассажирки Альвины Пернабаевой.



Знаком «Адал еңбегі үшін» отмечен машинист поезда Марат Абызов. Благодаря быстрой реакции и применению экстренного торможения удалось избежать столкновения с трактором на переезде и спасти жизни тысячи пассажиров поезда Алматы – Актөбе.

Знаком «Локомотивте апатсыз 1 000 000 км» за безупречное выполнение своих должностных обязанностей и обеспечение безопасности движения награжден Почетный железнодорожник с 43-летним стажем Сергей Балашов. Знаком «Локомотивте апатсыз 500 000 км» – машинист Ержан Жолдасбеков. За преданность, многолетний труд

и достижение наивысших результатов в работе лучшим машинистом («Үздік машинист») назван Сергей Беликов.

Заслуженными наградами отмечены и ряд других работников, проявивших исключительную внимательность и высокий профессионализм в обеспечении комфорта и безопасности пассажиров.

В их числе – билетные кассиры Елена Михейкина и Гулсним Ахметжан, техник производственного участка Айгерим Капишева и другие. Их работа – пример ответственности, самоотверженности и преданности делу, отмечают в АО «Пассажирские перевозки».

Фото Сары САХЫНБЕК

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК АЯСЫНДА

Маусымның 16-18 күндері өткен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға сапары аясында қазақ-қытай ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған бірқатар кездесулер өтті.



Ұлан ОРАЗ,
Астана

ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров пен ҚХР Мемлекеттік даму және реформалар комитеті төрағасының орынбасары Чжоу Хайбин арасында өткен екіжақты кездесуде Қытаймен өнеркәсіп және логистика салаларындағы ынтымақтастық Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының басты

басымдықтарының бірі екені атап өтілді. Транскаспий халықаралық көлік бағдарының табысты дамуы және «Бір белдеу, бір жол» қытайлық бастамамен түйісуі кооперацияны тереңдету мен өзара инвестицияны арттыру үшін зор мүмкіндіктер ашылатыны айтылды.

– Бүгінгі таңда Қытай мен Еуропа арасындағы құрлықтық жүк тасымалының 80%-дан астамы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Біз Қытайды тек географиялық жақын көрші ғана емес, сонымен

бірге ортақ экономикалық мүдделері бар стратегиялық серіктес ретінде қарастырамыз. Орта дәлділі дамыту және оны «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен түйістіру транзиттік әлеуетті арттырып қана қоймай, өңірлік экономиканың тұрақтылығын күшейтетін өндірістік альянстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді, – деді Ә.Қуантыров.

Өз кезегінде Чжоу Хайбин Қазақстанның Еуразия логистикалық құрылымында жетекші рөл атқаратынын атап өтті.

«Біз Қазақстанды «Бір белдеу, бір жол» бастамасының аясындағы негізгі серіктес ретінде қарастырамыз. Екі ел арасындағы ынтымақтастық өзара сенім мен прагматизмге негізделген. Қазақстан қытайлық тауарлардың тұрақты транзитін қамтамасыз етіп қана қоймай, бірлескен өндірістік және логистикалық тізбектерді құрудағы маңызды бұйыңға айналуда. Біз инфрақұрылым, энергетика және жасыл экономика салаларындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, өңірдің орнықты дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға ниеттіміз», – деді ол.

Кездесу қорытындысы бойынша таараптар кооперацияны тереңдетуге, жобалар портфелін кеңейтуге және стратегиялық маңызды салалардағы өзара іс-қимылдың жаңа түрлерін дамытуға дайын екенін білдірді.

МЕЖДУ АЗИЕЙ И ЕВРОПОЙ



В офисе KTZ Express прошла встреча с представителями China Railway Material (CRM) – одной из ведущих китайских корпораций в сфере поставок продукции, технологий и комплексных решений для железнодорожной отрасли.

Стороны детально обсудили вопросы наращивания перевозок по ТМТМ, который сегодня приобретает все большее значение как надежный и стратегически важный путь между Китаем и Европой. Казахстан, обладая уникальным географическим положением, стал ключевым транзитным звеном в евразийской логистике.

Руководство KTZ Express отметило, что такие партнерства позволяют ускорить создание устойчивых логистических решений и вывести ТМТМ на качественно новый уровень.

По итогам переговоров стороны подтвердили готовность продолжить детальную проработку проектов, объединяя усилия для развития современного евразийского логистического пространства.

Асель ШАЙХЫНОВА

ПШЕНИЦА НА ПУТИ К ВЬЕТНАМУ



Казахстанская пшеница вышла на вьетнамский рынок: стартовал экспорт по мультимодальному маршруту.

Так, из Казахстана отправлена первая партия высококачественной пшеницы во Вьетнам в рамках нового мультимодального маршрута. Транзитный контейнерный поезд, состоящий из 62 контейнеров весом около 1,7 тысячи тонн, прибыл в китайский порт Ляньюньган, где зерно будет перегружено на морские суда и далее направлено в порт Хайфон.

Проект реализуется АО «Национальная компания «Продкорпорация» в тесном взаимодействии с партнерами по логистике, включая дочерние компании КТЖ. В общей сложности до конца поставок планируется экспортировать порядка 15 тысяч тонн пшеницы.

Первая партия была сформирована на хлебоприемных предприятиях Акмолинской области. По информации Министерства сельского хозяйства РК, данный проект открывает новые горизонты для продвижения казахстанского продовольствия на рынки Юго-Восточной Азии и демонстрирует конкурентоспособность отечественного зерна.

Маршрут Китай – Вьетнам через порт Ляньюньган с участием железнодорожной инфраструктуры Казахстана стал наглядным примером эффективной интеграции в международную логистическую цепочку. Проект усиливает позицию Казахстана как ключевого транзитного звена между Азией и другими регионами.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Фото Александра ЖАБЧУКА



МАМЫР АЙЫНДА ЖҮК ТИЕУ МЕН ТҮСІРУ ЖҰМЫСТАРЫ БЕКІТІЛГЕН ЖОСПАРДАН АСЫРА ОРЫНДАЛДЫ: 47 ВАГОНҒА ЖҮК ТИЕУ МЕЖЕСІН 72 ВАГОНҒА ДЕЙІН ЖЕТКІЗДІК. АЛ БЕС АЙ ІШІНДЕ 178 ВАГОН ЖҮК ТИЕЛДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, МАМЫРДА 118 ВАГОННАН, АЛ БЕС АЙДА 698 ВАГОННАН ЖҮК ТҮСІРІЛГЕН. АТАЛҒАН КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ЖОСПАРДАН АСЫРА ОРЫНДАЛУЫ СТАНЦИЯДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ОРЫНДАЛУЫНДА ДЕП БІЛЕМІН.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2025 ЖЫЛДЫҢ БЕС АЙЫНДА ҚТЖ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ӨТКЕН ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

11,9%

ӨСКЕН.

БИЫЛ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША
БАРЛЫҒЫ

1480

ШАҚЫРЫМ ЖОЛДЫ
ЖАҢҒЫРТУ ЖОСПАРЛАНҒАН.

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-
МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА
ҚАЗАҚСТАННАН ҚЫТАЙҒА
ЭКСПОРТ 12% ӨСІП,

9 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАҒАН.

АЛЫНБАЙТЫН ҚАМАЛ ЖОҚ



Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



НӘТИЖЕ

Қызылорда станциясының мамыр айындағы өндірістік көрсеткіштері көңіл көншітерлік. Станция теміржолшылары жоспарды межеден асыра орындап, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда да кемшілік тіркелмеген.



Қазіргі таңда станцияны тәжірибелі теміржолшы Қайрат Төрединов басқарады. Мамыр айының қорытындысына көз салсақ, 2614,8 вагондық жүк тиеу жоспары 2656 вагонға жеткізіліп, меже 102 пайызға орындалған. Ал тонна түрінде алсақ, 161 441 тонналық жоспардың орнына 178 320 тонна жүк тиеліп, 110 пайыздық нәтиже көрсеткен.

– Теміржолшылардың қажырлы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Салада ұзақ жыл еңбек еткен мамандар арнайы марапатталып, көптің қошеметіне бөленді. Атап айтқанда, 43 теміржолшы – он жылдық еңбегі үшін, 22 қызметкер-жиырма жылдық тәжірибесі үшін және 13 адам - отыз жылдан астам үздіксіз қызмет еткені үшін төсбелгімен марапатталды. Бұл – ұлттық компания тарапынан жұмысшы мамандығы жылы теміржолшыларға көрсетілген шынайы құрмет деп білеміз. Әріптестеріміздің еңбегі лайықты бағасын алып, ұжымға тың серпіні, үлкен мотивация беріп отыр, – дейді станция бастығы Қайрат Төрединов.

Қызылорда станциясы – төрттіп пен табыстың нақты көрінісі. Озат еңбек ұжымының абырызы бүкіл аймақ теміржолшы мерейі. Мамыр айында осындай құрметке бөленген қызылордалық ұйымшыл ұжым үшін алынбайтын қамал жоқ. Қауіпсіздік көрсеткіштері жоғары, маневрлік және пойыздық жұмыстар қатаң тәртіппен, барлық техникалық және еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуда.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК КҮШЕЙТІЛДІ



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ПРОФИЛАКТИКА

Елімізде 16-20 маусым аралығында «Заңсыз келуші-2025» жедел алдын алу іс-шарасы жүріп жатыр. Көші-қон полициясы қызметкерлері теміржол вокзалдары мен жолаушы пойыздарын бақылауға алып, қауіпсіздік шараларын күшейтті.

Теміржол вокзалдары – стратегиялық аймақ, ондағы қауіпсіздік мәселесі қашан да өзекті. Ақтөбе аймағында «Заңсыз келуші-2025» жедел алдын алу іс-шарасына орай көші-қон полициясы қызметкерлері шетел азаматтарының құжаттын тексеріп, жүріп-тұру қағидалары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

«Іс-шара барысында теміржол вокзалында Өзбекстан Республикасының екі азаматы анықталды. Тексеру нәтижесінде аталған екі азаматтың елімізде заңсыз жүргені әшкереленіп, оларға әкімшілік хаттама толтырылды. Ақтөбе қаласының әкімшілік сотымен Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары шығару үкімі шықты. Шетел азаматтары еліміздің көші-қон талаптарын сақтауға міндетті», – деп хабарлайды Ақтөбе желілік полиция бөлімі қызметкерлері. Аталған жұмыстар басқа вокзалдарда да жалғасып жатыр.

БӘСІ ЖОҒАРЫ БАСПАЛДАҚ



ӨНЕРТАБЫС

Арыс жол дистанциясы жолшыларының игілігінде 17 түрлі техника бар. Олардың 6-уы арнайы жабдықталған көлік болса, 4-уі тасымалдауға арналған ауыр жүк машиналары. Дистанцияда еңбек ететін үш жүзден астам жолшы 500 шақырымға жуық жолдың күтімін жасап отыр.



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

Көлік болған соң – сынбай, темір болған соң – тозбай тұрмайтыны белгілі. Десек те, сол техникалардың істен шыққанын қалыпқа келтіруде шапшаңдық пен шеберлік жүргізушілер үшін үлкен сын. Себебі, техниканы жылдам әрі сапалы жөндеу арқылы қатарға қосу біршама жауапкершілікті қажет етеді. Әрине, оның сыртында қауіпсіздік қағидасын қаперден шығаруға болмайды.

Арыстық жолшылар осы істің орайын тапқандай. Олар ойлап тапқан ауыр жүк көлігінің дөңгелегіне арналған баспалдақ – мамандардың айтуынша, жұмыс өнімділігін арттырудағы тапқыр шешімнің бірі ретінде бағаланып отыр.

«КамАЗ» көлігінің жүріс бөлігі мен қорабы да, тіпті қозғалтқышы да жүргізуші кабинасының астында орналасқаны баршамызға белгілі. Ал енді оны оңдап, жөндеу үшін немесе май, суын тексеріп күтіп-баптау үшін әлгі кабинаны көтеріп, адам астына кіруі қажет. Ал бұл әрекет қауіпсіз деп ешкім айта алмайды. Одан бөлек алдыңғы дөңгелектің үсті арқылы раманың ортасында орналасқан қозғалтқышқа қол жеткізу біршама қолайсыздықтар туындататыны



өз алдына. Ол аздай нұсқаулық бойынша «КамАЗ»-ды күтіп-баптау мен жөндеп, оңдау жұмыстарына кемі 2 адамның қатысуы қажет. Шымкент матиسترалдық желі дирекциясы бастығының бірінші орынбасары Жомарт Мырзабеков бастаған бір топ жігіттер өзара

АҚТОҒАЙ – МАҢЫЗДЫ ТЕМІРЖОЛ ТОРАБЫ



АЙМАҚ

Семей және Алматы жүк бөлімшелерінің шекарасында орын тепкен, төрт бағытқа қызмет көрсететін Ақтоғай станциясы - жүк тасымалында айрықша қызмет атқаратын әлеуеті зор станция саналады. Әсіресе, Қытаймен байланыс жанданған тоқсаныншы жылдардан кейін қарқынды дамып, бүгінде шығыстағы негізгі теміржол торабына айналды.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Ақтоғай кентінің іргесі 1929 жылы қаланған екен. Станциядағы көнекөз теміржолшы ардагерлердің айтуынша, 1960 жылдардың басында ұзындығы 310 шақырымды құрайтын Ақтоғай-Достық телімі салына бастаған. Бірақ сол кездегі саяси жағдайларға байланысты құрылыс тоқтап қалып, ұзақ жылдар бойы ұмыт қалғаны да тарихтан белгілі. 1990 жылы Қытаймен қатынас түзелген соң ғана теміржол қайта жанданып, кезінде салынған жол мен инфрақұрылым қалпына келтіріле бастаған. 1985 жылы Ақтоғай локомотив пайдалану депосының техникалық бақылау цехы ашылып, қырықтан аса білікті слесарьлар мен шеберлер жұмыла кірісіп, ең алғашқы 2 Т Э10Л-465 тепловозын дайындайтын өткізіп жолға шығарды. Дәл осы жылдан бастап жүк және жолаушылар тасымалы



процесі күрт арта бастады. Бүгінде ҚХР-мен арадағы сауда байланысын нығайтуда елеулі орны бар станция еліміздің экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Сол себептен де, екінші темір жол төсемі салынып, биыл пайдалануға берілмек.

– Бүгінде Ақтоғайдағы жүк тасымалдау жоспары бес есе

өсуде. Өндірістегі өсім жоғары. Мұның барлығы әлбетте кешегі ардагерлер мен бүгінгі білікті мамандардың қажырлы еңбегінің арқасы. Осы орайда Ақтоғай-Саяқ теміржолының пайдалануға берілгеніне биыл 40 жыл болса, Ақтоғай-Достық-Алашанкоу теміржолының қолданыла бастағанына 30 жыл толып отырғанын айта кеткен

жөн, – дейді бұл орайда ақтоғайлық ардагер теміржолы, Аягөз ауданының Құрметті азаматы Сейітбек Ешмуратов.

Станцияда әр жылдары еңбек еткен ардагерлердің айтуынша, Түркісіб құрылысынан бергі аралықта 13 теміржолшы «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталыпты. Қызметтері жоғары бағаланған теміржолшылар кейінгі буын жастарға, теміржол бойындағы барлық еңбек адамдарына үлгі.

Ақтоғай өңіріндегі теміржол тарландарының өмір жолдары бүгінгі ұрпақ үшін үлкен тарих екендігі белгілі. Осы орайда, қазақ теміржолшының дамуына сүбелі үлес қосқан, станциядағы түрлі теміржол мекемелерінде қалтқысыз қызмет атқарған, бүгінде зейнеткерлікке шыққан ардагерлер еңбегі билығы мерей-тойлы жылы лайықты бағасын алып, ескерілсе дейді жергілікті теміржолшылар.

Суретті түсірген автор

ТАРАЗДЫҢ ТЫНЫСЫ КЕН



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Тараз вокзалы Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты болғанымен, тәулігіне келіп-кететін жолаушылар пойыздарын қабылдап-өткізу міндеттемесі станцияға тиесілі. Одан бөлек станция аумағында өрт сөндіру пойызы, қалпына келтіру пойызы секілді құрылымдық мекемелер орналасқан. Шақыртуларға қарай, оларды да тиісті жеріне жөнелтіп, қайта қабылдау станция қызметкерлерінің жауапкершілігінде.

Сыныптан тыс Тараз станциясы биылғы жылғы өткен бес айда 9 мыңға жуық пойыз қабылдап-жө-

нелткен. Жұмыс паркі вагондарының саны 124324-ті құраған, 131568,6 мың тоннадан астам жүк түсірілген. Ал осы кезеңде тиеліп-жөнелтілген жүктің көлемі 230 вагоннан асады. Дөңестен 218554 вагон жүк сұрыпталған.

– Сыныптан тыс станциялар жұмыс көлемінің ауқымдылығы және техникалық жарақтандырудың жоғары деңгейі жағынан ерекшеленеді.

Тараз – Арыс – Шу – Алматы бағытында пойыздар қозғалысын реттеп отыратын, блоктық маршруттық-релелік орталықтан-дырумен жабдықталған учаскелік станция. Екі – қозғалыс және жүк цехы, бес – тақ, жұп, дөңес алды, транзиттік және сұрыптау паркі



бар. Қозғалыс цехында жүк және жолаушылар пойызын қабылдап, жөнелтеміз. Ал жүк цехында Тараз қаласында қалатын жүк контейнерлері сұрыптталады. Жалпы Тараз станциясының тынысы кең, парктер бойынша

негізгі жолдар: тақ – 7, жұп – 7, дөңес алды - 4, сұрыптауда – 8 және 20 шақты кірме жол бар. Барлығы 157 адам жұмыс істейді. Станция кезекшісі, маневрлік диспетчерлер, операторлар, парк кезекшілер, пойыз құрастырушы-

лар, вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеушілер, сұрыптау дөңесінің кезекшілері, қозғалыс цехы, белгі берушілер, жүкті қабылдап-тапсырушылар, тауар кассирлары ауысыммен жұмыс істейді, бәрі де өз ісіне жауапты тәжірибелі мамандар, – дейді Тараз станциясының бас инженері Еркін Шардарбеков.

Станция бастығы Дархан Есенғалидың мамандарға қоятын талабы бірдей – алдымен еңбек қауіпсіздігін сақтау, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау. Сондықтан, жұмыс қауіпсіздік талаптары мен нұсқаулықтарын қайталаудан басталады. Қызметкерлер жыл сайын біліктілікті арттыру курстарына жіберіліп тұрады.

Талап пен тәртіп бар жерде – нәтиже бар. Тараз станциясы биылғы көктемгі комиссиялық байқауда өте жақсы дайындық көрсеткені үшін және пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен еңбек жағдайын жақсартуда жеткен жетістігі үшін Жамбыл ЖТ бөлімшесінің директоры Айдын Сейтбенбетовтың Алғыс хатымен марапатталған болатын.

– Қозғалыс қауіпсіздігіне қаты-

сты, станция аумағында жаяу жүргіншілерге арналған бір ғана өткел бар. Ол көпір вокзал аумағында орналасқан. Ал станция басындағысы – қызметтік өткел. Екеуінің арақашықтығы едәуір. Осы маңға жақын тұратын теміржолдың арғы бетіндегі тұрғындар көпір арқылы айналып жүргісі келмей, біздің жасаған ескертулерге қарамай осы өткелді кесіп өтеді. Бұл аса қауіпті. Бұрнағы жылдарда келеңсіз жайттар да орын алған. Қауіп-қатердің алдын алу үшін желілік полиция бөлімімен бірлесіп тұрақты түрде рейд өткізіп тұрамыз. Алайда жүргізен түсіндіру жұмыстарымыз бен салған айыппұлдарымыздан нәтиже шығарып жатқандар аз. Сондықтан, осы жақтан да теміржол үсті көпірін салса дұрыс па деп ойлаймын, – деп түсіндірді бас инженер.

Тараз станциясы – оңтүстік бағытында, жұп жағынан Құмшағал, тақ жағынан Бұрыл, Талас станцияларымен түйіседі. Жалпы ұзындығы 5 шақырымнан асатын станция аумағында биыл жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 6 бағыттамалық бұрма жаңартылды.

Суреттерді түсірген автор

ВЕКТОР УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ



Представители из 15 стран приняли участие в работе Казахстанского транспортно-логистического форума-2025. Мероприятие объединило представителей транспортных компаний, бизнеса, международных экспертов отрасли.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Форум стал площадкой для диалога между странами Центральной Азии, Европы и Китая. Участники обсудили современные вызовы, связанные с устойчивостью логистических цепочек, цифровизацией транспортных процессов, а также экологическими аспектами перевозок.

Выступая на открытии форума, председатель наблюдательного совета Nur Zholcompanу, председатель Совета правления национальной ассоциации экспортеров KazGrain Канат Кобесов подчеркнул стратегическую важность Алматы как транспортного узла и логистического центра региона.

В своем выступлении он отметил, что транспортно-логистическая система страны развивается не фрагментарно, а комплексно – с акцентом на мультимодальные коридоры, международную



интеграцию и устойчивость поставок. Среди приоритетных направлений – расширение пропускной способности ключевых железнодорожных маршрутов, модернизация пограничных переходов, развитие портовой инфраструктуры на Каспии, а также строительство новых логистических центров.

Особое внимание было уделено и Транскаспийскому международному транспортному маршруту, который активно набирает обороты и уже сегодня

рассматривается как перспективное направление для экспорта из Китая, Центральной Азии и Европы. В рамках встречи также были отмечены успехи в развитии индустриально-логистических хабов, таких как Хоргос, Жетыген и Курык, и необходимость дальнейшего укрепления партнерства с соседними государствами и международными структурами.

В ходе форума состоялись сессии по вопросам экспорта зерновой продукции в контейнерах, перспектив контейнеризации

казахстанского экспорта. Во время дискуссий поднимались вопросы оптимизации логистики, пересмотра логистических маршрутов, инновации, упрощения таможенных процедур на центрально-азиатских маршрутах, а также речь шла об автоматизации оформления таможенного транзита.

В ходе встречи выступили международные эксперты, одним из которых стала генеральный директор CEO MALBI trans из Чехии Лилиана Крутоног, которая рассказала о транзитном потенциале Казахстана и возможности для европейских экспедиторов. Запомнились выступления и других участников.

В рамках деловой программы форума состоялась техническая экскурсия на транспортно-логистический центр (ТЛЦ) Жетыген – один из важнейших объектов транспортной инфраструктуры юго-восточного региона Казахстана. Участники на практике оценили уровень развития логистической инфраструктуры Казахстана и обсудили пути дальнейшего повышения эффективности грузоперевозок и надежного партнерства.

Форум стал важным шагом в укреплении международных связей и повышении конкурентоспособности логистики Казахстана.

Фото автора

«ЖАС ТЕМІР»: ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ РОСТА

О карьерных возможностях, социальной жизни и ключевых аспектах деятельности АО «НК «ҚТЖ» рассказали студентам столичного транспортного колледжа АЛТ молодые работники компании.

Любовь РОВБА,
Астана

Представители департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» и участники корпоративного проекта «100 молодых лиц ҚТЖ» провели инфосессию со студентами и выпускниками колледжа, получающими рабочие специальности – будущими дежурными по станции, техниками-организаторами перевозок, помощниками машиниста (по видам), техниками-электромеханиками, электромонтерами СЦБ, техниками-электриками.

Основной темой встречи стала программа развития молодых специалистов «Жас темір».

– Программа позволяет выпускникам отраслевых учебных заведений пройти годовую оплачиваемую стажировку в АО «НК «ҚТЖ» с последующим трудоустройством. Она реализуется с 2022 года для выпускников вузов, но в рамках объявленного Главой государства Года рабочих профессий возможность поучаствовать в «Жас темір» появилась и у выпускников сред-

них учебных заведений (сузов), – проинформировала менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Рузана Азимова.

Стажировка включает в себя три ротации по профилю деятельности в различных подразделениях компании (4 месяца каждая), закрепление за каждым участником «Жас темір» опытного наставника, оплачиваемый отпуск, а для иногородних выпускников – возможность проживания в общежитии (в городах Астане, Павлодаре, Актобе, Караганде и Таразе).

В настоящее время пять стажеров первого потока «Жас темір» трудоустроены в компании, четверо из них вошли в пул «100 молодых лиц ҚТЖ», второй поток – восемь стажеров – до февраля 2026 года проходят стажировку в разных регионах Казахстана.

– В рамках плана мероприятий по проведению Года рабочих профессий программа «Жас темір» тиражируется в филиалы и дочерние организации компании, и количество набираемых выпускников выросло до 23 че-



ловек. Учитывая, что с этого года в ней могут участвовать также выпускники средних учебных заведений, это отличная возможность начать карьеру в одной из крупнейших компаний страны, – отметила Рузана Азимова. – В рекрутинге мы часто сталкиваемся с тем, что соискателям на ту или иную вакансию необходим опыт работы по специальности не менее года. «Жас темір» эту проблему решает. К тому же при трудоустройстве выпускники программы не проходят конкурсных процедур.

Новый набор стартовал в этом месяце. Заявку на участие могут подать выпускники вузов и сузов последних трех лет (2023-2025 годов). Отбор проводится на конкурсной основе и включает пять этапов. Уже в сентябре 2025 года участники, успешно прошедшие все отборочные процедуры, будут приняты на стажировку.

Во время встречи студентам раздали брошюры с подробной информацией об условиях участия

в программе и ответили на все интересовавшие их вопросы.

Железнодорожники призвали выпускников активно участвовать в программе, основной целью которой является подготовка квалифицированных кадров с учетом стратегического развития компании и внедрения лучших практик наставничества. Кроме того, представители проекта «100 молодых лиц ҚТЖ» поделились собственным опытом работы в профильных подразделениях компании, рассказали о ключевых аспектах своей деятельности, социальной жизни, перспективах профессионального роста в ҚТЖ.

Инфосессия для студентов транспортного колледжа АЛТ стала первым мероприятием по разъяснению условий программы «Жас темір» в рамках предстоящего третьего потока. АО «НК «ҚТЖ» продолжает активно развивать кадровый потенциал и вовлекать молодежь в развитие транспортной отрасли страны.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЗДЕСЬ БУДЕТ УДОБНО И КРАСИВО



У гостей и жителей Усть-Каменогорска появится новый вокзал – сейчас на месте старого вовсю кипит работа. Подрядчики готовят котлован для фундамента на месте прежнего здания. На новом вокзале появится много удобств для всех категорий пассажиров.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Планируется, что здание нового вокзала на платформе старого будет двухэтажным, оно будет расширяться в сторону пассажирского перрона.

– Увеличится площадь залов ожидания для пассажиров, согласно национальному стандарту, в соответствии с классностью. Залы ожидания будут на первом и втором этажах. Максимально увеличится комфортность для пребывания матерей с детьми, пассажиров дальнего следования, маломобильных групп населения. В старом помещении у нас не было адаптации под эти категории. А здесь будет стопроцентная адаптация, – рассказала начальник вокзала станции Оскемен-1 Елена Ларионова.

По словам Елены Ларионовой, услугами железнодорожного транспорта, соответственно, вокзала Оскемен-1 пользуется немало людей с ограниченными возможностями: спортсмены с нарушением зрения, которые ездят на соревнования, люди с нарушением речи, слуха, опорно-двигательного аппарата. Их относят к маломобильным группам, как и беременных женщин, матерей с маленькими детьми, людей пожилого возраста.

В новом здании расположат кафе, комнаты отдыха и длительного отдыха, игровую комнату для пассажиров с детьми, магазинчики, санузлы – для маломобильных групп и остальных пассажиров. На втором этаже будут помещения для администрации и персонала вокзала.

Предполагается, что в здании появится конкорсный переход со второго этажа с лифтом, ведущий на вторую платформу. По информа-

ции Елены Ларионовой, реконструкцию и модернизацию проходит не только сам вокзал, но и пассажирские платформы. Основную платформу будут увеличивать, расширять.

Сейчас временно вокзальные службы вокзала Оскемен-1 перенесены в здание административно-бытового комплекса. Здесь есть справочная, дежурный по вокзалу, касса по продаже билетов, помещение для ожидания, камера хранения.

Для прямого выхода на перрон из здания АБК, чтобы пассажирам было удобнее, железнодорожники постелили временную бручатку.

– Мы хотим, чтобы нашим пассажирам было комфортно, насколько это сейчас возможно, несмотря на проводимые работы по реконструкции и модернизации вокзала, – заключила Елена Ларионова.

Через станцию Оскемен-1 курсируют один международный поезд Риддер – Локоть, также поезд сообщения на Астану и Алматы, два пригородных – на Алтаи и Риддер. И еще один поезд курсирует к местам массового отдыха на озере Алаколь и обратно, по маршруту Оскемен-1 – Достык. Поезда со станции Оскемен-1 и Жана-Семей выходят одновременно, они объединяются в Актогае и одним составом идут уже до станции Достык. По пути следования многие пассажиры выходят на станции Акши, на Алаколе.

С КОМФОРТОМ ДО БАЛХАША

Светлана МОГАЙ,
Караганда



С наступлением сезона отпусков для удобства жителей шахтерской столицы и с целью повышения туристической привлекательности города Балхаша в летнее время запущен дополнительный скоростной внутриобластной поезд по маршруту Караганда – Балхаш.



По словам начальника железнодорожного вокзала Караганды Шерхана Несіпбека, состав будет курсировать через день в течение четырех месяцев – с июня по сентябрь, и состоять из шести вагонов. Кроме того, будет сокращено количество остановок на станциях, что позволит сократить время в пути примерно на шесть часов.

Открытие маршрута позволит дополнительно перевезти до 30 тысяч пассажиров в летний туристический сезон.

По словам жительницы Караганды Алины Насыровой, подобные мероприятия создают определенные удобства для пассажиров.

– К примеру, если раньше надо было искать машину для того, чтобы доехать до Балхаша и понежиться на песочке, то сейчас нужно просто взять билеты и без особых проблем доехать до пункта назначения. Совсем скоро, в конце июня, мы с друзьями отправимся на две недели в Балхаш и с радостью проведем там время, – рассказывает она.


– В июле мы поедем в отпуск вместе с семьей в составе трех человек в зону отдыха, расположенную в Балхаше. Наши двое детей в предвкушении этой поездки, и они мечтают о том, чтобы поскорее искупаться в известном минерализованном озере. Мы приобрели билеты в купе и надеемся, что никакие обстоятельства не смогут омрачить наше путешествие в одно из самых востребованных туристических мест, – считают супруги Гульнара и Тимур Каримовы.

На сегодняшний день поезд курсирует без задержек туда и обратно по строго установленному графику.

Фото автора

ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА В РИТМЕ ЛЕТА

Айлин БАУРЖАН,
Астана



В Акмолинском отделении магистральной сети продолжается летняя путевая кампания.



Летняя путевая страда в Акмолинском отделении магистральной сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» вступила в активную фазу. На ключевых участках организуются технологические «окна», активно ведется замена стрелочных переводов, работают тяжелые путевые машины: ЩОМ, ВПО, ДМ, ДГС, ПБР.

Железнодорожные ремонтные работы в летний период – сложная и ответственная задача. В условиях интенсивного графика движения, включая многочисленные пригородные и пассажирские поезда, любые действия требуют согласованности между путевцами, движенцами и локомотивными бригадами.

Так, в этом году акмолинские железнодорожники выполнят капитальный ремонт пути в объеме 62 километра на участках Атбасарской, Кокшетауской и Жана-Есильской дистанций пути. Кроме этого, будет проведена активная работа по сплошной смене рельсовых опор (ШС) в объеме 33,9 километра по Атбасарской и Астанинской дистанциям пути.

Также в рамках летне-путевых работ запланировано проведение среднего ремонта семи километров пути в Кокшетауской и Жана-Есильской дистанциях пути. Помимо этого, планируется смена стрелочных переводов с укладкой железобетонных брусьев в количестве 99 комплектов, на сегодняшний день поступило и уложено 16 комплектов.

– Темп задан высокий. Несмотря на погодные условия и плотное движение, коллектив справляется. Главное – качество работ и безопасность движения. Мы четко идем по графику, – отметил ведущий инженер отдела пути Акмолинского отделения магистральной сети Данияр Тасимов.

На участках Атбасарской дистанции ведутся работы по оздоровлению пути с использованием тяжелой техники – ЩОМ, ВПО, ХДВ, Дуомат. Здесь осуществляется вырезка загрязненного балласта и его полная замена: асбестовые слои демонтируются, вместо них укладывается чистый щебень. Работы охватывают перегоны Атбасар – Адыр, Колутон – Ирченко, Жалтыр – Колутон.

– Работа непростая, но нужная. Все делаем на совесть, ведь по этим путям завтра поедут пассажиры, и они должны ехать безопасно и комфортно, – говорит заместитель начальника Атбасарской дистанции пути Ержан Ибраев.

Впереди еще много работы, но слаженная команда, современная техника и высокий профессионализм работников позволяют уверенно смотреть в завтрашний день.

Фото автора

СПАСИБО ЗА РАБОТУ!

Коллектив Павлодарской базы материально-технического снабжения филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети» и директор департамента материальных баз филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Алмас Алпейсов проводили на заслуженный отдых ведущего инженера Елену Райфегерст.



Железнодорожница проработала на стальной магистрали более 29 лет. Ее трудовой путь начался 15 апреля 1996 года в должности приемсдатчика груза и багажа отдела материально-технического обеспечения Павлодарского отделения Целинной железной дороги, после стала старшим кладовщиком, потом ведущим инженером Павлодарской базы материально-технического снабжения филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети».

За свою долгую трудовую деятельность Елена Ивановна зарекомендовала себя грамотным специалистом и большим профессионалом своего дела.

За высокие достижения в работе, добросовестный и безупречный труд она неоднократно награждалась почетными грамотами, почетным званием «Үздік маман», почетным знаком «Теміржол саласында 20 жыл мінсіз қызметі үшін».

За преданность своему делу, высокую компетентность, ответственность при

выполнении поставленных задач и поручений она снискала большое уважение и авторитет не только среди своих коллег, но и в том числе среди других организаций, с которыми сталкивалась по работе. Коллеги уверены, что стальной магистрали будет не хватать такого опытного профессионала.

– Уважаемая Елена Ивановна! Выражаем вам огромную благодарность за многолетний, добросовестный труд, активную жизненную позицию, значительный вклад в развитие Павлодарского отделения магистральной сети. Желаем крепкого здоровья на долгие годы, душевного тепла и согласия в доме, благополучия вам и вашим близким, – с такими теплыми и добрыми пожеланиями проводили на заслуженный отдых коллегу коллектив департамента материальных баз и Павлодарской базы МТС.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

БУРАБАЙҒА АТТАНДЫ

Жаздың апшыны қуырған аптап ыстық күндері басталды. Күні кеше Шу станциясынан теміржолшылардың балалары жер жәннаты Көкшедегі «Жұлдызды Бурабай» лагеріне аттанды.



Шу локомотив пайдалану депосында жұмыс істейтін теміржолшылардың балалары Бурабай курортындағы лагерьде 15-24 маусым аралығында демалатын болады.

– Бурабайға алғашқы лекпен 19 бала жіберілді. Олар Көкшетаудың тамаша табиғатының аясында 10 күн демалып оралады. Екінші кезекте 25 маусым күні тағы 9 жеткіншек лагерьде демалуға барады. Ал 7 шілдеден бастап, он күнге 19 бала Жуалы ауданындағы «Тау самалы» лагеріне аттанбақ. Осы демалыс орталығына 24 шілдеге тағы 24 жасөспірімге жолдама бердік.

Жолдама бөлерде кәсіподақ ұйымы алдымен көпбалалы отбасыларға басымдық берді, - дейді Шу локомотив пайдалану депосының бастығы Медет Қайыржанұлы.

Теміржолшылардың балалары жыл сайын әке-шешелері еңбек ететін кәсіпорын есебінен тегін жолдамамен лагерьде демалуы дәстүрге айналған. Бұл демалыс жас жеткіншектерге тынығып, денсаулығын шыңдаудан бөлек, танымдық көзкеігетін кеңейтуге мүмкіндік беріп, естен кетпес тамаша әсер сыйлайтыны анық.

Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор



ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ

КӘСІБІНЕН БЕРЕКЕ ТАПҚАН ЖАН

Құрметті теміржолшы Жетпісбай Шаранов Түркісбітің түп қазығы саналатын Жарманың тумасы. Яғни, теміржолшы болмасқа хақысы жоқ, тағдыр әу баста маңдайына жазған кәсібі сынды...

Техникалық училищені СОБ электро-механигі мамандығы бойынша бітіріп, екі жыл әскер қатарында борышын өтеп, Жарма станциясындағы белгі беру-байланыс дистанциясына СОБ электромонтері болып жұмысқа тұрғанда ол 22 жастағы жас жігіт болатын.

Содан бері міне, 41 жыл көзді ашып-жұмғанша зулап өте шығыпты. 14 маусым күні өз саласы бойынша кәсібиліктің шыңына шығып, ортасына мойындалған маман, «Құрметті теміржолшы» белгісінің иегері Жеттісбай Тұрарбекұлы 63 жасқа толды. Қырық жылғы бейнеттің зейнетін көретін күн де туды деген сөз.

– Жарма станциясында халықтың жартысы теміржолшылар болатын. Сондықтан станцияда теміржол мектебі, балабақшасы, ауруханасы, клуб, стадион бәрі теміржолға тиесілі болды. Әке-шешеміз болса болмаса теміржолшылар. Сондықтан, біз мектеп бітіргенде алдымызда қайда барам, кім болам деген сауал туындаған



жоқ, – дейді Жеттісбай Тұрарбекұлы.

Жарма дистанциясында СОБ электромонтері болып төрт жыл жұмыс істеп, тәжірибе жинаған жас маман одан әрі СОБ электромеханигі лауазымын үш жыл атқарады. Сосын Семей сигнал беру және баланыс дистанциясына ауысып, ДЦ қосынында ауысымдық электро-механик, ПОНАБ және радио, байланыс, СОБ құрылғыларының үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша бірінші дәрежелі инженер, сосын Семей НЖС-6 өндірістік бөлімінің жетекші инженері болып 2012

ТУРИСТІК ПОЙЫЗДАР АРТҚАН

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жазғы кезеңде жоғары сұранысқа ие туристік бағыттарда 12 қосымша маршрутты іске қосты. Астана, Алматы, Қызылорда, Павлодар, Семей және Өскемен қалаларынан пойыздарды қоса алғанда, Алакөл бағытында барлығы 13 маршрут ұйымдастырылды.



Оның ішінде 11 бағыт бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздары, екі бағыт бойынша – жеке тасымалдаушылар құрамы жүреді. Ұлттық тасымалдаушы ұйымдастырған тоғыз маршрут жазғы кезеңге арнайы іске қосылды, пойыздар ауа баптау жүйесімен толық жабдықталған.

Өткен жыл қорытындысы

бойынша Алакөл бағытына және кері қарай теміржол көлігімен 236 мың жолаушы тасымалданған. Ал биыл 240 мыңға жуық жолаушыға қызмет көрсету қоспарлануда. 2022 жылдан бастап осы бағыттағы жолаушылар ағынының көлемі 90% ұлғайды, бұл елдегі ең танымал курорттардың бірінде демалуға сұраныс артып жатқа-

нын көрсетеді.

Алакөлден басқа, Бурабай курорттық аймағы жолаушылар арасында дәстүрлі түрде танымал. Жазда негізгі ағынды Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалалары қамтамасыз етеді. Осы мегаполистер арасында жүретін пойыздар жүктеме мен сұраныстың жоғары деңгейін көрсетіп отыр.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жазғы демалыс кезеңінде сервис сапасын арттыру және бүкіл ел бойынша жолаушылардың қолжетімді, жайлы қозғалысын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыруда. Анықтама үшін: Алакөлге қатынайтын пойыздар: №54/53 Астана – Достық, № 254/253 Астана – Достық, № 207/208 Алматы-2 – Жалаңашкөл, № 221/222 Алматы-2 – Достық, № 211/212 Алматы-2 – Достық, №457/458 Семей – Достық, №459/460 Өскемен – Достық, №21/6942/6941/22 пойыздар құрамындағы Алматы – Достық, №21/6942/6941/22 пойыздар құрамындағы Қызылорда – Достық, №31/6942/6941/32 пойыздар құрамындағы Павлодар – Достық, Сұранысқа ие бағыттар бойынша жүретін пойыздар: № 201/202 Астана-Алматы, №203/204 Астана-Шымкент, №219/220 Қарағанды-Балқаш. Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

Спорт

Спартакиада, посвященная 50-летию филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Главный вычислительный центр» (ГВЦ), собрала в Астане 60 спортсменов-железнодорожников из разных регионов страны.

ЛУЧШИЕ ИЗ ГВЦ

За звание лучших в пяти видах спорта – мини-футболе, волейболе, настольном теннисе, шахматах и тоғызқумалақ – боролись четыре сборные команды работников центрального аппарата и филиалов ГВЦ.

В команду «Север» вошли представители Костанайского, Карагандинского, Ақмолинского, Павлодарского регионов, «Юг» – работники Алматинского, Жамбылского, Шымкентского регионов, а также сотрудники ОПЛП Защита. Команда «Запад» объединила спортсменов Атырауского, Ақтобинского, Кызылординского регионов, а «Астана», соответственно, столичный. Организатором мероприятия выступил профсоюзный комитет ГВЦ.

Приветствуя участников спартакиады, директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Главный вычислительный центр» Еркин Еленов, заместитель директора по IT-сервису Серик Алтаев, главный инженер Тлеужан Оразаев и председатель филиала «Астана» ОО «Қазпрофтранс» Серик Сарсекеев поздравили их с юбилеем ГВЦ, отметив его ключевую роль в обеспечении бесперебойной работы автоматизированных систем

управления железнодорожного транспорта Казахстана, пожелали спортсменам-железнодорожникам удачи, а сильнейшим – победы.

Борьба за призовые места выдалась по-настоящему бескомпромиссной, ведь каждая команда приехала в Астану с одной единственной целью – победить. Этот настрой чувствовался с первых минут состязаний – будь то мини-футбол, теннис или волейбол, не менее напряженное противостояние происходило и вдали от шума спортивного зала – в личных соревнованиях по шахматам и тоғызқумалақ.

Сильнейшим на шахматном поле стал Берик Смагул из Костаная, на втором месте – Маралхан Оспанов из Кызылорды, третье – у Ерлана Касенова из Кокшетау.

Золото в тоғызқумалақ завоевала Жазира Сыздықбаева из Астаны, серебро – ее землячка Жанна Акишева, а бронзу – Ұланбек Аманғалиев из Атырау.

Соревнования по настольному теннису проводились отдельно среди мужчин и женщин. Так, среди представительниц прекрасного пола сильнейшей стала Жансая Бажикова (Ақтөбе), второе и третье места завоевали столичные спортсменки



– Гульден Мухамедғалиева и Мадина Жакупова, соответственно.

Среди мужчин в этом виде спорта два призовых места тоже заняли представители Астаны – Рустем Көкен (первое место) и Бахыт Ердыбаев (второе место). На третьем – Бауржан Оспанов из Кокшетау. Не было равных столичным спортсменам и в мини-футболе – безоговорочное первое место у команды «Астана», серебро досталось «Западу», а бронза – «Югу».

В номинации «Лучший игрок» отметили Бауржана Оспанова, лучшим нападающим признан Тимур Алибаев («Юг»), вратарем – Аслан Шаханов («Запад»), а защитником – Аспандияр Кайроллаев («Астана»).

Соревнования по волейболу тоже выиграла команда «Астана», второе место – у «Севера», третье – у «Запада». «Лучшим игроком»

признан Павел Денисов («Север»), нападающим – Еркебулан Батырбек («Астана»), связующим – Мухит Мергембаев («Юг»), а звания «Лучший ветеран» удостоился Касым Сексенбаев («Запад»).

По итогам общекомандного зачета первое место и кубок победителя спартакиады к 50-летию ГВЦ завоевала команда «Астана», второе место – сборная «Запад», замкнула тройку призеров команда «Север». За активное участие отметили также лучших игроков регионов – Руслана Колзуева («Север»), Азамата Бекпанова («Юг»), Жансерика Тоғусова («Запад») и Баршагуль Икебаев («Астана»).

Все участники и призерам вручили медали, грамоты и ценные подарки.

Любовь РОВБА
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЗРЕЛИЩНЫЕ ГОЛЫ, УВЕРЕННАЯ ИГРА

В рамках 120-летия отраслевого профсоюзного движения Казахстана в Алматы состоялось первенство Алматинского региона по футболу, в котором приняли участие 11 команд.



Соревнования стали важной площадкой для выявления молодых футбольных талантов, укрепления связей и популяризации здорового образа жизни железнодорожников. Участники продемонстрировали высокий уровень подготовки, слаженную игру и стремление к победе.

Команда Алматинского эксплуатационного локомотивного депо стала одним из главных претендентов на победу и получила заслуженное признание среди болельщиков и соперников. Особенно запомнились зрелищные голы, точные передачи и уверенная игра в защите.

Не менее интересно играли их соперники – спортсмены Алматинской дистанции сигнализации и связи. Их игра стала наглядным примером того, как спортивный дух сотрудников железнодорожной отрасли может проявляться и за пределами рабочей площадки – на футбольном поле. Эти две команды встретились в финале. Игра была настолько зрелищной и напряженной, что буквально на последних минутах спортсмены Алматинского эксплуатационного локомотивного депо со счетом 1:0 вырвали победу у соперников, завоевав первое место. Третье место заняла команда Алтынкольской дистанции пути.

По итогам турнира лучшим голкипером признан вратарь команды ТЧЭ-28 Аблай Улан, лучшим нападающим – игрок команды ШЧ-33 Ризыхан Куаныш, а лучшим защитником стал спортсмен команды ТЧЭ-28 Аслан Токатаев. Призеры награждены кубками, медалями и денежными сертификатами.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Конаев көшесі 6, тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты хатшы Ерболат Тілеубергенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Л. Ровба, Р. Рахметова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.
--	---	---	---	---